

**Салық төлеуші-жеке тұлға төлейтін мүлік, көлік құралдары салықтарын және жер салығын жинауға арналған квитанцияның және салық заңнамасында көзделген жағдайларда қолма-қол ақша қабылдау үшін қатаң есептілік бланкінің нысандарын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 71 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 19 ақпанда № 16382 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 549 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 30.09.2025 № 549 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 21-бабының 2-тармағына, 552-бабының 3-тармағына және 623-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған нысандар:

1) салық төлеуші-жеке тұлға төлейтін мүлік, көлік құралдары салықтарын және жер салығын жинауға арналған квитанция осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) салық заңнамасында көзделген жағдайларда қолма-қол ақша қабылдау үшін қатаң есептілік бланкісі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 98 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10480 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 2 сәуірде жарияланған);

2) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 98 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 250 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13822 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3)-тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 26 қаңтардағы  
№ 71 бұйрығына 1-қосымша  
нысан

### **Салық төлеуші-жеке тұлға төлейтін мүлік, көлік құралдары салықтарын және жер салығын жинауға арналған квитанция**

Нысан ЖТ - № 1

Форма ФЛ - № 1

КВИТАНЦИЯ Сериясы

№

КВИТАНЦИЯ Серия

Салық төлеушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Ф.И.О. (при его наличии) налогоплательщика

ЖСН (ИИН)

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі

Идентификационный номер транспортного средства

Тұрғылықты мекенжайы, телефоны \_\_\_\_\_

Адрес места жительства, телефон \_\_\_\_\_

Салықтың атауы Наименование налога	Салық коды Код налога	Ағымдағы жылға сомасы ТТК (төлемді тағайындау коды) 911 Сумма налога за текущий год КНП (код назначения платежа) 991	Өткен жылдардың бересісі ТТК (төлемді тағайындау коды) 994 Недоимка прошлых лет КНП (код назначения платежа) 994	Өсімпұлдар ТТК (төлемді тағайындау коды) 992 Пени КНП (код назначения платежа) 992	Жиыны Итого
1	2	3	4	5	6
Ж е к е тұлғалардың мүлкіне салынатын салық Налог на имущество с физических лиц	104102				
Елді мекендер жерлеріне жер салығы Земельный налог на земли населенных пунктов	104302				
Е л д і мекендердің жерлеріне жер салығын қоспағанда, жер салығы Земельный налог, за исключением земельного налога на земли населенных пунктов	104309				
Ж е к е тұлғалардан к ө л і к құралдарына салынатын салық Налог на транспортные	104402				

средства с физических лиц					
Барлығы Всего					
Соманы жазумен, бас әріппен, бос қалған жол бойынша – сызықша. Указать сумму прописью, с заглавной буквы, по свободному остатку поля – прочерк. _____ _____ тенге _____ тиын Салық жинауды жүзеге асырған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда): _____ _____					
Ф.И.О. (при его наличии) должностного лица, осуществившего сбор налогов Берген күні: күні ай 20 жыл Дата выдачи: день месяц 20 год					
М.О. Төледім М.П. Уплатил (салық төлеушінің қолы – подпись налогоплательщика)					
Алдым Получил (лауазымды тұлғаның қолы – подпись должностного лица)					

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 26 қаңтардағы  
№ 71 бұйрығына 2-қосымша  
нысан

**Салық заңнамасында көзделген жағдайларда, қолма-қол ақша қабылдау үшін қатаң есептілік бланкі**

Квитанцияның түбіртегі Сериясы № Төлеушінің атауы (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)) _____ _____ _____
Төлеушінің ЖСН (БСН)
Төлемнің мақсаты: _____ _____
Төлем сомасы _____ _____
(санмен және жазбаша түрде)

Квитанцияны берген уәкілетті мемлекеттік органның атауы: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
Берілген күні: 20\_\_ж."\_\_"\_\_\_\_\_  
Квитанцияны берген лауазымды тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда),  
М.О. қолы: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
Төлеушінің қолы \_\_\_\_\_

Квитанция Сериясы №  
Төлеушінің атауы (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
Төлеушінің ЖСН (БСН)  
Төлем сомасы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(санмен және жазбаша түрде) Квитанцияны берген уәкілетті мемлекеттік органның атауы:  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
Берілген күні: 20\_\_ж."\_\_"\_\_\_\_\_  
Квитанцияны берген лауазымды тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда),  
М.О. қолы: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
Төлеушінің қолы \_\_\_\_\_